



# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы  
1 қазаннан шығады

№16 (10 271)

25 сәуір

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ "ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФЕСТИВАЛІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Мемлекет басшысы тазалықтың мәні мен мағынасы жайындағы пікірімен бөлісіп, ойдың да, бойдың да, қоршаған ортаның да тазалығын сақтау әр адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші деп баға берді. Сондықтан тазалық халқымыздың болмысына сіңген қасиет болуы қажет екенін үнемі айтып келе жатқанын еске салды.

— Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл — бір күндік науқан емес. Бұл — біздің өмір салтымыз. «Жас келсе — іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріңіз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз — осы, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілердің еңбегін де ерекше атап өтті. Оның айтуынша, волонтер болу, ең алдымен, нағыз отаншыл азамат болу, яғни, патриот болу деген сөз. Сондай-ақ Мемлекет басшысы экологияны жақсартуға кәсіпорындар мен кәсіпкерлер зор үлес қосып жатқанына тоқталды. Президент «Таза Қазақстан» аясында өте ауқымды жұмыс атқарылғанын, миллиондаған тонна қоқыс жиналып, көшет егілгенін тілге тиек етті. Бұл ретте «Бүкіл қазақстандық ағаш егу күні» акциясы жақсы дәстүрге айналғанын жеткізді.

— Осы шара шеңберінде бүкіл еліміз бойынша соңғы үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабымызды толтырды. Айналамызды жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған орта қалыптастырамыз. Барлық аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау — өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп — дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев табиғатты аялау, тазалық мәдениетін әрбір азаматтың, әсіресе, жас ұрпақтың санасына сіңіру өзекті деп санайды.

— Мысалы, қоқысты сұрыптау, су мен жарықты үнемдеу, қоғамдық орынды бүлдірмеу — аса маңызды. Бұл біздің қоғамның қалыпты қағидатына айналуы қажет. Экологиялық ағарту ісіне айрықша мән берген жөн. Мұны «Таза Қазақстан» кампаниясының негізгі бағыттарының бірі деуге болады. Уақыт өткен сайын көптеген адамдардың қоршаған ортаны аялауға,

қорғауға ұмтылып жатқанын көріп отырамыз. Азаматтарымыз экологиялық талаптарды сақтап, оны саналы түрде өмір салтына айналдырып келеді. Мен жаңа ғана көрмені араладым. Онда экологияға мән берген кәсіпорындарымыздың жұмыстары қойылған. Оларға ризашылығымды білдіремін. Қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып жатыр. Тұтас елдің сана-сезімі өзгере бастады. Жастарымыз мұны терең түсінеді, — деді Президент.

Мұнан соң Мемлекет басшысы жастар ұсынған жобалармен танысқанын жеткізіп, әр бастамадан туған елге, табиғатқа деген қамқорлық байқалатынына назар аударды. Мысалы, Дана Есенғали мен Камила Қышқашбаеваның жобаларына тоқталып, бұдан қазақ жастарының жасампаз болмысы көрінетінін, ел мен жерге шынайы жанашырлығы білінетінін мәлім етті. Сонымен қатар Қазақстанның болашағы осындай санасы сергек, ойы ұшқыр жастардың қолында екенін баса айтты.

— Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтіп бермейді. Отанымызды таза ұстау — әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды өзгеріс болды. Әділетті мемлекет болу үшін біз заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін, яғни, сіздер үшін жасалуда. Қазақ жастарының болашағы — жарқын, жолы — ашық. Мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Отаншыл, білімпаз, еңбекқор болыңыздар деп тілеймін. Сонда Қазақстанымыз да Әділетті, Таза, Қауіпсіз және Өркендеген озық ел болмақ. Бәріңізге сәттілік тілеймін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Фестиваль соңында «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қатысқан, қоғамда тазалық мәдениетін дәріптеуге ерекше атсалысқан бір топ жас марапатталды.

Сонымен бірге Президент «Таза Қазақстан» экофестиваліне арналған көрмені тамашалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев көрме экспозицияларын аралап көрді. Мұнда қоқыс өңдеу, өндірістік кәсіпорындар жобалары, табиғат тазалығы бойынша стартаптар, мектеп оқушыларының экологиялық бастамалары, сонымен қатар балалардың қоршаған орта тақырыбына арналған шығармашылық жұмыстары қойылған.

## Жетісуда "Таза Қазақстан" бағдарламасы аясында "7 ÖZEN" кең ауқымды экологиялық фестивалі өтті



Осы күні Жетісу жастарының, экобелсенділердің ұйымдастыруымен «EcoKeuen» акциясы өтті. Акциясының мақсаты — қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қалдықтарды

сұрыптаудың маңыздылығын түсіндіру және қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру. «Jetisy Jastary» KMM маманы Сейітқали Мирас: «Тазалық шараларын үйреншікті сенбілік

сияқты емес, жаңа форматта өткізу жастардың қызығушылығын арттырып, оларды табиғатты қорғауға жұмыла кірісуге үндейтіні анық. Бүгінгі «EcoKeuen» акциясына 80 ерікті жас қатысып, қаланың



басты көшелерімен арнайы безендірілген эко-керуен трактор және шағын вагондар жүріп өтті. Шараға қатысушылар керуеннің соңынан жүріп, маңайдағы қалдықтарды жинады. Осы арқылы жаңа буын өкілдері арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыра алатынымызға сенімдімін», — дейді.

Сонымен қатар облыс бойынша «Жүгір де тазала — экоплоггинг» және «Жасыл белдеу» акциялары өтті. «Жүгір де тазала — экоплоггинг» акциясы аясында облыс спортшылары, ерікті жастар командаларға бөлініп, белгіленген локацияларды қоқыстан тазалаумен қатар, шапшаңдық пен ұтқырлығын шыңдады. Акцияға 1 665 адам қатысып, 20 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 314 тонна қоқыс шығарылды.

Ал, «Жасыл белдеу» акциясына аудан-қала тұрғындары, депутаттар, қоғам белсенділері, ерікті жастар - барлығы 2 320 адам атсалысып, 17 техника жұмылдырылды. Облыс аумағындағы саябақтарға, сверттер мен аллеяларға 3 500 түп ағаш, 67 350 гүл отырғызылды.

**Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының мәліметі бойынша дайындалды.**

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аумақтарды тазалау мен ағаш егу шаралары жалғасуда. Мәселен, бүгінгі экологиялық шараға халық белсене атсалысып, 5 мыңға жуық адам қатысты. Атап айтқанда, Жетісудың жеті өзенінің жағасын тазалаған «7 ÖZEN» атты кең ауқымды экологиялық фестивалі өтті. Сол сияқты Талдықорған қаласында «EcoKeuen» акциясы ұйымдастырылып, қаланың басты көшелері тұрмыстық қатты қалдықтарды іріктеу тәсілі арқылы қоқыстан тазартылды.

«7 ÖZEN» атты кең ауқымды экологиялық фестивалі өңірдің 8 аудан-қаласынан ағатын Қаратал, Көксу, Ақсу, Шажа, Сарқан, Лепсі және Бүйен өзендерінің жағалауын тазарту мақсатында өткізілді. Оған жергілікті жастар, еріктілер және тұрғындар белсенді түрде қатысты. Шара аясында өзен жағалауларын қоқыстан тазарту, экологиялық ойындар мен шеберлік сабақтары, сондай-ақ, табиғатты қорғауға бағытталған ақпараттық дәрістер өткізілді. Фестивальге 600-ге жуық жас қатысып, 20 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 10 тоннаға жуық қоқыс жиналды. Бұл бастама жастардың экологиялық сана-сезімін арттырып, табиғатқа деген жанашыр көзқарас қалыптастыруға үлкен серпін берді.

«7 ÖZEN» фестиваліне қатысушыларының айтуынша, жағалауларды тазарту экожүйені сақтауға, ауыз су көздерінің ластануын болдырмауға және халық арасында экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді.



Сарқан ауданында өткен биылғы жылғы алғашқы халықпен кездесуде облыс әкімі Бейбіт Исабаев аймақтың әлеуметтік - экономикалық дамуының негізгі бағыттарына тоқталып, маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға, соның ішінде су және газбен қамту, жол жөндеу жұмыстарына баса назар аударды, сондай-ақ, ауылшаруашылығын, өнеркәсіпті, туризмді дамыту және инвестиция тарту бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы баяндады, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сарқан ауданы ауылшаруашылық аймағы болғандықтан, облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға зор үлес қосып келеді. Мәселен, ауданында өткен жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 48 млрд. теңгені құрап, облыста өндірілген жалпы көлемнің 11 пайызын құрады.

— Биыл облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 45 млрд. теңге бағытталды, оның 27 млрд. теңгесі немесе 59% субсидиялар. Өңделетін шикізаттың 65%-ы өзімізді өндіріледі. Оның басым бөлігі қант қызылшасы, жүгері, сүт, майлы дақылдар мен дәнді дақылдар. Қант өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлінеді. Сарқан ауданында қант қызылшасын өсірудің агротехнологиялары дамығанын, жергілікті диқандардың бұл салада тәжірибесі мол екенін ескерсек, былтыр қант қызылшасының өгіс көлемі 2 есеге, биыл тағы 900 гектарға ұлғаймақ. Осылайша, бұл дақыл аудан бойынша 3,8 мың гектарды алып жатыр, — деді Б.Исабаев.

Сонымен қатар аймақ басшысы жер мәселесіне, мал шаруашылығын, ветеринарияны дамытуға, сондай-ақ суармалы сумен қамтамасыз ету шараларына тоқталды. Атап айтсақ, ауданда «Тәуке» және «Ащылы-Өзек» каналдарының құрылысы толығымен аяқталып, биылғы жылы жергілікті бюджеттен 295 миллион

## Жетісу облысы әкімінің биылғы жылғы алғашқы халықпен кездесуі Сарқан ауданында өтті



теңге бөлініп, ұзындығы 11,6 шақырымды құрайтын «Тілеулі» магистралды каналына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда. Көктерек ауылы тұрғындарының өтініштері бойынша жоба аясында су беру бөгеттері де жасалады.

Өнеркәсібі өркендеген ауданында былтыр 11,8 млрд. теңгеге өнім өндірілген. Осы жылдың қаңтар-наурыз айларында 4,4 млрд. теңгеге өнім шығарылды. Бұл былтырғы

жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,7 млрд. теңгеге артық. Аудан экономикасына 443 млн. теңгеге жуық инвестиция тартатын дәрілік өсімдіктерді өңдейтін зауыт құру жоспарлануда.

Жиында білім, медицина, спорт, тұрғын үй құрылысы және жалпы әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселелері де кеңінен талқыланды.

Кездесу соңында аудан тұрғындары көшелерді жарықтандыру, елді мекендер арасындағы

жолдарды жөндеу, ауылшаруашылық жерлерін бөлу мәселелерін көтеріп, Балқаш көлінің жағалауындағы инженерлік желілер құрылысының аяқталу мерзімін сұрады.

**ЖЕТІСУ  
ОБЛЫСЫНА  
ЖЫП**

Атап айтқанда, Балқаш көлінің жағалауын дамытудың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы әзірленді. Маусым айының соңына дейін су және электр желілерінің құрылысы аяқталып, келесі жылы көріздік тазарту қондырғысы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар, өткен жылы Лепсі-Балқаш жолы жөндеуден кейін ашылды. 1 маусымға дейін Молалыдан Балқаш көліне дейінгі жол құрылысы аяқталып, туристік маусым басталғанға дейін кедергісіз жүруді қамтамасыз етеді. «Балқаш жағалауындағы инфрақұрылымды дамыту туризмнің өрістеуіне маңызды серпін береді. Бұл облыс экономикасына ғана емес, жалпы Жетісу өңірінің өркендеуіне әсер етеді», — деп атап өтті Б.Исабаев.

Тұрғындардың «Лепсіден Мұқан Төлебаев ауылына дейін 60 шақырым жолы жөндеме ме?» деген сауалына келер жылы жол жөнделеді деп жауап қайырды. Ол жақта қазір көпір салынып жатыр. Құрылыс жұмыстары аяқталған соң екінші жарты жылдықта жобасын жасалынбақ. 60 шақырым жолды 3 бөлікке бөліп, кезек-кезеңімен салынады.

Жалпы, бір жарым сағатқа жуық уақыт өткен жиында облыс әкіміне түрлі тақырыпта 10-нан астам сауал қойылып, әрқайсысына нақты жауап берілді.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Сарқан ауданына жұмыс сапары аясында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады және ауыл шаруашылығы, әлеуметтік сала, абаттандыру және көгалдандыру бойынша атқарылып жатқан шаралармен танысты. Сондай-ақ, Сарқан қаласы мен оның маңындағы бірқатар нысандар мен шаруа қожалықтарын аралады.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

## Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Жетісу облысының тұрғындарымен кездесуі өткізді



Жетісу облысына жұмыс сапары шеңберінде ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев Текелі қаласында халықпен және азаматтық белсенділермен кездесу өткізді, азаматтарды жеке қабылдады, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне брифинг өткізді, сондай-ақ өңірдің медициналық ұйымдарының қызметімен танысты.

Ашық диалог барысында ол денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік міндеттерді іске асыру жөніндегі ағымдағы нәтижелер мен жоспарлар туралы айтып, жергілікті жерлерде медицина мамандарын әлеуметтік қолдау шараларының есебінен кадрлар тапшылығының қысқарғанын, медициналық көмектің қолжетімділігінің артқанын, нәресте және ана өлімінің айтарлықтай төмендегенін атап өтті.

Өңір тұрғындары кездесу барысында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, мектеп медицинасын дамыту, арнайы бейінді дәрігерлердің тапшылығын шешу жолдары туралы сұрақтар қойды.

Т.Сұлтанғазиев әрбір өтініш бойынша түсініктеме беріп, кездесу барысында айтылған мәселелерді жеке бақылауға алды. Содан кейін брифинг барысында Т. Сұлтанғазиев БАҚ-ты қызықтырған емханалар жұмысындағы жаңалықтар, дәрі-дәрмектердің болуы, медицина қызметкерлеріне төлемдер туралы сұрақтарға жауап берді.

Сапардың екінші күні Тимур Сұлтанғазиев өңірдегі бірқатар медициналық нысандарды аралады. Алғашқы нысан Талдықорған қаласындағы көпбейінді облыстық балалар ауруханасы болды. Ауруханада травматология, жаңа туған нәрестелер патологиясы бөлімшелері, сондай-ақ

соматикалық, пульмонологиялық, реанимациялық, хирургиялық бөлімшелер жұмыс істейді.

Бұдан әрі бірінші вице-министр 2023 жылы салынған Кербұлақ ауданының жаңа аудандық орталық ауруханасының жұмысымен танысты. Мекеме 75 төсекке есептелген және ауысымына 250 адам қабылдауға арналған емхананы қамтиды.

Ауруханаға хирургиялық, терапиялық, акушерлік және педиатриялық бөлімшелер, ультратыңақтық, цифрлық рентген, зертханалары бар заманауи диагностикалық бөлімше, облыстық деңгейдегі бейінді мамандармен консультация өткізу үшін телемедициналық платформа, заманауи реанимация кіреді.

Жетісу облысы құрылған сәттен бастап медициналық-санитариялық алғашқы көмекпен 81 ауыл қамтылды, дәрігерлердің тапшылығы 20,3%-ға қысқарды. Биыл тағы 72 ауылда жаңа медициналық мекемелер пайда болады.

Медициналық кадрларды тарту үшін республикада алғашқылардың бірі болып дәрігерлерге: ауылдық жерлерге келген дәрігерлер үшін — 10 млн теңге және қалаларға келген дәрігерлер үшін — 5 млн теңге көтерме төлемдер енгізілді. Осы мақсатқа жергілікті бюджеттен барлығы 495 млн теңге бөлінді.

Сапар қорытындысы бойынша бірінші вице-министр Жетісу облысындағы сала дамуының оң динамикасын атап өтіп, халықпен тұрақты кері диалогтың маңыздылығын атап өтті.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

## Қазақ, қазақ бола тұра талап арыздарын қазақша жазуға немесе қазақ тілінде сөйлеуге құлықсыз

Мемлекет басшысы мемлекеттік тіл - ұлтымыздың асыл қазынасы, басты құндылығы екендігін үнемі айтып келеді. Тіліміздің төрден орын алып, биік мәртебеге ие болу жолында нақты тұжырымдар арқылы атқарылар істің жүйеелі де жоғары жүргізілуін міндеттеп, ол үшін қажетті бағыт-бағдарды да белгілеп берді. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңында - мемлекеттік тіл - қазақ тілі деп көрсетіліп, оның қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатыны, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі деп бекітілгені белгілі. Ал, бұл талапты іске асыру, оны меңгеру елдің әр азаматының парызы. Өзінің ана тілін біліп, ұлттық мүдде негізінде жетілдіру жолында өзінің өзінше үлес қосу керек десек, кейбір азаматтарымыз бен азаматшаларымыз осы жауапкершілікті әлі күнге дейін өз деңгейінде сезінбей келеді. Оған нақты дәлел, мысалы, сотқа талап арыз жолдау кезінде ана тілін жақсы біліп тұрсада талап арызды өз тілінде емес, ресми тілде жазуға құштар азаматтар әлі де көп. Ал сот процесі кезінде сол жолданған арызда-

рын жазған тілінде түсіндіре алмай дал болады, ондай жағдайда талапкердің немесе басқада іске қатысушылардың өтініші бойынша аудармашы шақыртуға тура келеді. Сонда ол қазақ бола тұра «Туған тілін менсінбегені ме?»-деген ойға қаласың.

Біз яғни, мемлекеттік, жергілікті өкілдік және атқарушы органдар мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделінің жоғары болуына атсалысуымыз керек. Ол үшін бізде мемлекеттік орган ретінде мемлекеттік тілді дамытуға мұрындық болып, барлық келген арыз шағымдарға мемлекеттік тілде неғұрлым дұрыс әрі сауатты түрде жауап жаза бастасақ, сонда ғана «Тіл туралы» заңымыздың дамуына үлкен үлесімізді қосқан болар едік.

Тәуелсіздігіміздің төл жемісі — мемлекеттік тіліміздің ұлы мәртебеге ие болуы десек, біздің ендігі мақсатымыз сол тілдің тұғырын биіктетіп, тәуелсіздіктің туын мәңгіге желбірету. Ол үшін қазақша сөйлеп, қазақша жаза білейік.

**Д.СҰЛТАНОВА,  
аудандық сотының бас  
маманы, сот отырысының  
хатшысы.**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫ АЯСЫНДА

Аудан бойынша мүгедектігі бар балаларға, 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға, жалғыз басты қарттарға барлығы: 153 адамға үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіледі.

1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясат:

1). адамның құқықтарын сақтау;  
2). арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің ізгілік, еріктілік, құпиялылық, атаулылық және қолжетімділік;

3). өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдардың (отбасыларының), арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етіледі;

Арнаулы әлеуметтік қызметтер - өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені көрсетіледі;

Әлеуметтік бейімсіздік - жеке адамның әлеуметтік ортамен өзара байланысының бұзылуы;

Әлеуметтік депривация - адамның (отбасының) негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін шектеу және (немесе) одан айрылу;

Әлеуметтік орта - адамның (отбасының) өмір сүруінің, қалыптасуы мен қызмет атқаруының материалдық, экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани жағдайларының жиынтығы болып табылады.

Үйде арнайы әлеуметтік қызметтерді кім алады:

1). Бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жағдайларында;

Бөгде көмегісіз қозғалмайтын, қозғалыс бұзылыстарының ауырлығына байланысты өзіне қызмет көрсетпейтін, жеке күтімді талап ететін, оқуды қиындататын қозғалыс функцияларының

өрескел бұзылыстары болған кезде ұйымдалған есту, көру, сөйлеу бұзылыстары, астамалар, мінез-құлық бұзылыстары; ауыр және терең дәрежелі ақыл-ой кемістігі; әр түрлі этиологиядағы деменциялар анықталған балалар, бірінші және екінші дәрежелі өз бетінше жүріп-тұруды және өзіне-өзі қызмет көрсетуді шектеуге әкеп соққан тірек-қимыл аппаратының айқын немесе айтарлықтай (өрескел) айқын көрінген бұзылулары бар мүгедектігі бар адамдар үйден қызмет ала-алады.

Әлеуметтік Кодексте белгіленген зейнеткерлік жасқа толған, өзіне өзі қызмет көрсетуге қабілетсіз және денсаулық жағдайы бойынша үйде күтім жасау жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер үйден көрсетіледі.



Мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев үнемі жастарға үлкен сенім білдіреді. Жастармен кездесулерінің бірінде: «Жастар еліміздің қоғамдық өміріне белсенді түрде араласып, өз ұстанымына берік болып, түрлі идеялар ұсынып, оларды іске асыруға атсалысқаны жөн. Белсенді азаматтық әрекет арқылы жастар біріншіден, мемлекетке пайда әкеледі, екіншіден, өздерін таныта алады. Қалай болғанда да, біз мамандар іріктелетін, сәйкесінше уақыт өте келе мемлекетті басқару жауапкершілігін арқалай алатын өте қабілетті адамдар шығатын ашық қоғамға қарай қадам басып келеміз. Жастардың арасында келешекте депутат немесе министр болатын, тіпті мемлекетіміздің президенті болатын азаматтар отыр» деп атап өткен болатын.

2022 жылы желтоқсан айында Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке кірудегі артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызметтен шығу тәртібін жеңілдету бойынша тапсырмасын орындау аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен жаңа тәсілдер әзірленіп, Мемлекеттік қызмет туралы заңға қажетті өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, қазіргі әлемде мемлекеттік және жеке секторлар үшін басым міндетке айналған адам ақылы мен таланттарды іздеу үшін күрес белсенді дамып келеді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 «Мемлекеттік әкімшілік

лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы 2 - 3-қосымшамен толықтырылды, онда интеграцияланған ақпараттық жүйеде «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурсты іріктеу мен өткізудің уақытша қағидалары айқындалды.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметке іріктеу жаңа онлайн форматта өткізілуде. Іріктеу жүйесі барынша ашық, жеңілдетілген және қолжетімді. Ол үшін «eQyzmet.gov.kz» ашық порталына тіркелу қажет.

Іріктеуге қатысу үшін үміткер өзінің техникалық жабдықтарын (компьютердің, интернеттің тұрақты жылдамдығы кемінде 5 мб/сек, жұмыс істеп тұрған веб-камера, микрофон және жеткілікті көрінуді қамтамасыз ететін жарықтандыру) пайдаланады.



атқарушы органдарында 31 бос жұмыс орындарына хабарландыру жарияланып, нәтижесінде 29 үміткер бос лауазымдарға тағайындалған.

Аталған жүйенің артықшылығы – үміткер конкурстарға онлайн қатыса алады, «адами факторлар» барынша азайды, тәуелсіз прокторинг жүйесі енгізілді.

Осылайша, «Eqyzmet» арқылы байқаудың жаңа рәсімі шынайы бәсекелестікке жол ашады, іріктеу кезеңдеріне ыңғайлы уақытта қатысуға жол беріп «адами фактордың» әсерін толығымен жоятын іріктеу.

**Әйгерім КҮНТУҒАН,**  
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.**

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 Бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, алғаш рет жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде,

**2025 жылдың 12 мамырынан 23 мамырын қоса алғанға дейінгі уақытта қабылданады.** Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5 Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: **2025 жылдың 23 мамыры 18 сағат 30 минутқа дейін.**

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер **2025 жылдың 26 мамыр күні 10 сағат 00 минутта** мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі **конкурсқа қатысуға өтінімде:**

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

**Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:**

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, “электрондық үкімет” веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, “электрондық үкімет” веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірпмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде “шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс” және **2025 жылғы “26” мамырына** дейін ашуға болмайды” (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтамалар алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

| №      | Орналасқан жері      | Алаңы, га. | Алқап құрамы     | Топырақтың сапалық сипаттамасы                                                                                                          | Балл бонитеті | Су көздерімен қамтамасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы |
|--------|----------------------|------------|------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|---------------------------------|---------------------------------------|
| 1 (11) | Қапал ауылдық округі | 5,0        | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты          | 70,0          | Сумен қамтамасыз етілген        | Мамандандырылған                      |
| 2 (12) | Қапал ауылдық округі | 5,0        | Тәлім егістік    | Қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара топырақ, орташа саздақты                                                                              | 70,0          | Сумен қамтамасыз етілген        | Мамандандырылған                      |
| 3 (16) | Қапал ауылдық округі | 5,0        | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты                                                                           | 70,0          | Сумен қамтамасыз етілген        | Мамандандырылған                      |
| 4 (17) | Қапал ауылдық округі | 5,0        | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты                                                                           | 70,0          | Сумен қамтамасыз етілген        | Мамандандырылған                      |
| 5 (31) | Қапал ауылдық округі | 5,0        | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты          | 16,0          | Сумен қамтамасыз етілген        | Мамандандырылған                      |
| 6 (32) | Қапал ауылдық округі | 6,72       | Суармалы егістік | Аз жетілген күнгірт қара қоңыр және 10-30% Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 14,0          | Сумен қамтамасыз етілген        | Мамандандырылған                      |
| 7 (35) | Қапал ауылдық округі | 8,5        | Тәлім егістік    | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, орташа саздақты                                                                  | 20,0          | Қажет емес                      | Мамандандырылған                      |

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННО ПРОИЗВОДСТВА

Аккусский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аккусского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; с **12 мая по 23 мая 2025 года.** по адресу: (Жетісуская область, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан, 5) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Аккусского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: **23 мая 2025 года, в 18 часов 30 минут.**

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена **26 мая 2025 года в 10 часов 00 минут** (Жетісуская область, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5,) в кабинете заместителя Акима района.

**Заявка на участие в конкурсе** по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

**Конкурсное предложение должно содержать:**

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала “электронного правительства”.

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись “Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства” и “Не вскрывать до: **«26 мая 2025 года»** (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

| №      | Местоположение            | Площадь, га. | Состав угодий   | Качественная характеристика почв                                                                                         | Балл бонитет | Водообеспеченность | Сельскохозяйственная специализация региона |
|--------|---------------------------|--------------|-----------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------|--------------------------------------------|
| 1 (11) | Капальский сельский округ | 5,0          | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые                                                                                       | 70,0         | Обеспечен водой    | Специализированный                         |
| 2 (12) | Капальский сельский округ | 5,0          | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые                                                                                       | 70,0         | Обеспечен водой    | Специализированный                         |
| 3 (16) | Капальский сельский округ | 5,0          | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые                                                                                       | 70,0         | Обеспечен водой    | Специализированный                         |
| 4 (17) | Капальский сельский округ | 5,0          | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые                                                                                       | 70,0         | Обеспечен водой    | Специализированный                         |
| 5 (31) | Капальский сельский округ | 5,0          | Орошаемое пашня | Темно-каштановые обычные среднесуглинистые с темно-каштановыми малоразвитыми 30-50% среднесуглинистые, среднезасебненные | 16,0         | Обеспечен водой    | Специализированный                         |
| 6 (32) | Капальский сельский округ | 6,72         | Орошаемое пашня | Темно-каштановые обычные среднесуглинистые с темно-каштановыми малоразвитыми 10-30% среднесуглинистые, среднезасебненные | 14,0         | Обеспечен водой    | Специализированный                         |
| 7 (35) | Капальский сельский округ | 8,5          | Богарная пашня  | Лугово-темно-каштановые обычные среднесуглинистые                                                                        | 20,0         | Не требуется       | Специализированный                         |






## ӘКЕ РУХЫНА БАС ИЕМІН

Тарих – уақыттың есте қалар белгісі. Уақыт тарих бетін парақтайды. Күн тізіліп, ай алмасып, зымырап жылдар өтеді. Уақыт өктемдігі жүрмейтін жағдайлар, ешбір уақыт ұзақтығы, мерзім межесі көмескіленіп "көзден таса, көңілден ұмыт, қалдыра алмайтын жылдар, оқиғалар болады. Солардың бірі – Ұлы Отан соғысы. Қайғы - қасіретті, миллиондаған адамның өмірін қиып, адам қолымен жасаған ұлы құндылықтарды талқандаған, өркениетті кейінге қайтарған, қантөгіс, сұрапыл соғыс. Соғыс өзінің сұмдықтарын күні бүгінге дейін ұмыттырған емес. Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына міне, 70 жыл болды. Біз ешқашан әуе дабылын, бомба жарылысының қираған үйлерді көрген жоқпыз, суық траншеялар мен окоптарда отырмадық, бейбіт өмір сүру кезеңінде дүниеге келдік. Бірақ, сол жылдар жаңғырығы адамзат жүрегін әлі сыздатуда.

Неше мың жыл өтсе де тарих білмек, - деп Сұлтанмахмұт жырлағандай бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміздің есімі ешқашан естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғыс қайталанбауы үшін, оның сұмдықтарын ұмытуға еш құқымыз жоқ. Біздер барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Біздер сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиюға дайын болған солдатты ұмытуға құқымыз жоқ.

Уақыт алға жылжыған сайын кешегі өрім жас, бүгінгі самайларын ақ шалған аталар мен аналардың ел басына күн туған сын шақта қайыспай күрескен қажыр - қайратының мән - маңызы тереңдей түсуде. Қиын сәттің алдарына тартқан ауыртпалығын мойымай арқалап, әрқайсысы теңдесі жоқ ерлік көрсеткен, отты жылдардағы жауынгерлер, бүгінде қартаң тартқан ата - әжелеріміз сол күндердің тауқыметін ұрпақтары ешқашан көрмесін деп тілейді.

Ұлы Жеңіс – барша халықтың жеңісі. Осы жеңіске жетер жолда аға ұрпақтың тындырған ұлан - ғайыр істері біздің жадымызда мәңгі сақталатын дастандай жалғаса береді.



Қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы, әсіресе, Москва түбіндегі шайқаста шықты. Олардың бәрін ортақ іске, жеңіске, отанына деген сезім біріктірді. Дүниежүзін шарпыған жиһандық соғыс қазақ халқының батыр ұлт екенін баршаға мәлімдеді. 1941 жылдың 12 шілдесінде И.В.Сталинның қолы қойылған Мемлекеттік қорғаныс комитетінің шешімі бойынша 316-шы атқыштар дивизиясын құру, генерал – майор И.В.Панфиловты командир ретінде тағайындау туралы бұйрығы шықты. Дивизияға Алма-

ты және Талдықорған облыстарының, Қырғыз КСР-ң әскерге міндетті азаматтары шақырылды. Дивизия құрамына үш атқыштар полкы, артполк, байланыс полкы, жеке сапер батальоны, жеке авторота, медсанбат, жеке барлаушы мотоатқыштар ротасы, далалық нан зауыты, далалық пошта станциясы кірді.

30 шілде мен 1 тамызда дивизияның бар полкі мен бөлімдері ант қабылдап, майданға аттанды. Дивизия 1941 жылдың тамызында Солтүстік - Батыс майданы 52-ші армиясының құрамына енгізіледі. 27 тамыз күні полктар Новгород облысының Боровичи станциясында поездан түседі. Дивизияның алдыңғы бөлігі орманның шетіне жетер - жетпестен жау ұшақтары шабуылдай бастайды. Әскерлерімізден алғашқы адам шығыны болады. Дивизия бөлімдері 8 қыркүйекте Усть-Волыма өзенінен өтіп, Крестцыға келіп жетеді, сол жерде армия штабынан тез арада ұрыс шебіне орналасу туралы комдив әскери бұйрық алады. Қарашаның бас кезінде дивизия шұғыл түрде Бас Ставканың бұйрығына сай Волоколамск бағытына, Батыс майданының 16-шы армиясының құрамына жіберіледі.

Алматыда жасақталған 316 – атқыштар дивизиясына Москваға апаратын негізгі өзекті жолдың бірі – Волоколамск тас жолын қорғау тапсырылды. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған 1073 атқыштар полкі жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. Осы полктің құрамында менің әкем Сүлейменов Тоқтар да болды. Жас бала кезінде ата - анасынан ерте айырылып, жетімдіктің сан - қилы азабын көрген ол Алматыдағы жетімдер үйінің табалдырығынан 1941 жылы осы қалада әскерге алынады. Санаулы уақыт аралығында әскери дайындықтан өткен әскери бөлім майданның ең шешуші бағытына аттанды. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. 1942 жылдың 19 ақпанында Москва үшін сұрапыл шайқаста Сутоков деревнясы түбінде ауыр жараланған әкем, ЭГ - 2809 әскери госпиталынан бірақ шығады. МСБ-196 медициналық санитарлық ауруханасынан емделіп шыққан соң, мүгедектігіне қарамастан, Горький қаласындағы Красное Сормово танк жасайтын әскери зауытқа жұмысқа орналасады.

Соғыс жағдайы қаншалықты ауыр болғанмен, әкем шама - шарқынша соғыстағы жауынгерлерге көмектесуді өзінің ең бірінші, негізгі және ең басты борышы деп санады. Жұмысшы ретінде тәулік бойына дерлік зауытта қару, техника жасады. Сол кездегі халық аузындағы ең негізгі ұран «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» еді. Соғыс! Бұл ерлік, қантөгіс, өлім ғана деген емес. Соғыста батырлық, мейірбандылық, қайырымдылық та болды. Соғыс адам баласының бір - біріне деген түсінушілігін, сүйіспеншілігін ұмыттырмады. Тоқтар зауытта жұмыс істеп жүрген Горький қаласының тумасы, орыс қызы Шишкина Екатерина Федорқызымен танысады, екі жастың арасындағы сүйіспеншілік сезімдері 1946 жылы жанұя құруына әкеледі. Шешеміз де жастайынан аға - інісі үшеуі жетім қалған болатын. 1943 жылы мамыр айында майданда қаза тапқан Александр ағасына қара қағаз келеді. Ол кезде 14 жасар інісі Виктор зауытта токарь болып жұмыс істеп жатқан еді. Горький қаласы тыл болып есептелгенімен, немістің бомбалаушы ұшақтары жиі - жиі әуе ша-

буылын жасауға көп ниеттенді. Бірақ дер кезінде ұйымдастырылған әуе - қорғаныс күштерінің арқасында қала аман қалды. Соғыс кезіндегі осындай жағдайға байланысты тылдағы тіршіліктің қиындығы майдандағыдан кем болған жоқ. Аналар мен балалар, ақ сақалды аталар бәріне төзді. Соғыс ауыртпалығының куәсі болған шешеміз сол күндерді былай деп еске алатын: «Әйелдер мен жас балаларға барлық ауыртпалық жүктелді. Таңның атысынан, күннің батысына дейін зауыттың жұмысымен айналысамыз. Сол күндерде бел шешіп демалған кездер есіме түспей тұр. Бұл жұмыс қолымнан келмейді дейтін сөз болмайды. Кешке жақын сығырайған керосин шамының жарығымен әскерлерге арнап шұлық тоқимыз. Солардың қан кешіп жүргендері есімізге түскенде, шаршағанымыз ұмытылып кетеді. Қиындықты қанша көрсек те біз ел ішіндеміз ғой деп шүкірлік ететінбіз».

Дәрігерлердің кеңесі бойынша, соғыста алған жарақатының дендеуіне байланысты Тоқтар мен Екатерина екеуі әкемнің туған жері Ақсу өңіріне қайтып оралады. Туған жердің топырағы жарасына ем болып, денсаулыққа сеп болады. Ауыл өміріне бел шеше кіріскен екі жас кез - келген жұмыстың ішінен табыла білді. Ұрпақ өрбітті, төрт ұл, бес қыздың әке - шешесі атанды. Шешем кеудесіне Алтын алқа тақты. Анам – отбасымыздың жылуы, әкеміздің сүйікті жары бола білген, жаны сұлу, адамға деген еш реніші жоқ, мінезі ашық, жүрегі жұмсақ, жайдары, қанашыр, керемет жан болатын. Ол кісілердің отбасылық өміріне ел қызыға қарайтын.

...Біздер үшін Алатаудай асқаралы тау болған асыл әкеміз өмірі өлмейтіндей көрінген еді. Он ұйықтасам да әкем туралы

қалғанда іші пыса ма.

Әкемнің адалдық жолымен ғана қарапайым ғұмыр кешкенін елдің бәрі білетін. Билікке де, байлыққа да қызыққан жан емес еді. Өзі жаным, рухым – байлығым, досыма құшағым кең, жайлымын деуші еді жарықтық. Жаны әділетсіздікке қас болды.

Иә, Әкемнен көп нәрсені үйренуге болатын еді. Ең бастысы - еңбекке деген құрметі. «Еңбектің наны тәтті, біздің ауыл қызметкерлерінің еңбегін айтсаңшы, шіркін, таңның атысы, күннің батысы - тұнған еңбек», - дейтін Әкем. Айналадағы адамдардың қуанышына қуана білуің, өзіңмен істес болған әр адамға жасаған көмегің, - өзіңе сол ниетпен оралады, - дейтін әрқашан. Ұл-қыздарын да өмірлік жақсы дағдыларға үйретті. Олар әкелерін сағынышпен үнемі еске алып жүреді. Жан - жақты үлгі боларлықтай, нағыз адам тұлғасын мен осы адамдай елестетемін! Мен оның жайма шуақ ұстанымдары мен түсіністіктерін, өмірге деген құштарлығы мен сенімін ұнатушы едім. Өлі күнге менің өмір жолымның жол сілтеушісі, бағдар берушісі, әрі қатал сыншысы ретінде ту сыртымнан әкемнің көзқарасын сезінетін секілдімін. Оның ізгілігі, көзқарасы маған әліппедей үлгі болып қалды. Әкеміз қатал көрінгенімен, мінезі жұмсақ, ашу, ренішті білмейтін, көп сөйлемейтін жан еді, мақтағаным емес, нақты өмір шындығы осындай. Жүзі қандай ақ болса, ішкі жан-дүниесі де сондай болатын. Қуанса да, ренжесе де, бәрі ішінде болатын. Ешкімді жамандап, ешкіммен ұрыспайтын, ешкімге де қатты сөз айтпайтын. Алланың берген мінез-қилығы шығар, әсем дүние-мүлікке қызықпайтын. Өзінің ұл-қызын сәби кезінен - ақ үлкенді сыйлауға, жақсылықтың қадір - қасиетін түсінуге, обал-сауапты ойлауға тәрбиеледі.

